

«Физикалық медицина және реабилитация» мамандығы бойынша резидентураға қабылдау сұрақтары

1. Реабилитация жайлы түсінік. Реабилитацияның мақсаты мен түрлері.
2. Медициналық реабилитация туралы түсінік. Медициналық реабилитацияның негізгі принциптері.
3. Емдік дене шынықтыру туралы түсінік. Реабилитацияның әр түрлі сатысындағы емдік дене шынықтыру. Емдік дене шынықтыруды қолдануға көрсеткіш пен қарсы көрсеткіштер.
4. Емдік және реабилитациялық жаттығулардың ағзаға клинико – физиологиялық әсерінің негіздемесі.
5. Физикалық жаттығулар емдік дене шынықтыру әдісінің негізі, физикалық жаттығулардың жіктемесі.
6. ЕДШ қолданылатын физикалық жаттығулардың жіктемесі мен сипаттамасы. Жаттығу терапиясының құралдары.
7. Емдік дене шынықтыруда қолданылатын гимнастикалық жаттығулардың жіктемесі.
8. ЕДШ кезеңдері және қимыл белсенділігінің режимі.
9. ЕДШ негізгі методикалық принциптері.
10. ЕДШ жүргізуде жүктемені мөлшерлеу тәсілдері.
11. Жүрек – қан тамыр жүйесінің аурулары бар науқастарға реабилитация (көрсеткіштер, қарсы көрсеткіштер, ЕДШ түрлері және құралдары).
12. Тыныс алу жүйесінің аурулары бар науқастарға реабилитация (көрсеткіштер, қарсы көрсеткіштер, реабилитациялық бағдарламаның мазмұны).
13. Тірек – қимыл жүйесінің аурулары бар науқастарға реабилитация (көрсеткіштер, қарсы көрсеткіштер, реабилитациялық бағдарламаның мазмұны).
14. Тірек – қимыл жүйесінің жарақаттары бар науқастарға реабилитация (көрсеткіштер, қарсы көрсеткіштер, реабилитациялық бағдарламаның мазмұны).
15. Жүрек қан тамыр жүйесінің ауруларында физикалық реабилитация. Артериальді гипертензия кезінде физикалық реабилитация.
16. Жүрек қан тамыр жүйесінің ауруларында физикалық реабилитация. Жүректің ишемиялық ауруы кезінде физикалық реабилитация.
17. Әртүрлі этаптағы реабилитациялық жаттығуларды ұйымдастырудың ерекшеліктері (стационар, поликлиника, санатория).
18. Жүрек қан тамыр жүйесінің ауруларында физикалық реабилитация. Жүректің ишемиялық ауруы кезінде физикалық реабилитация.

19. Жүрек қан тамыр жүйесінің ауруларында физикалық реабилитация. Инфаркт миокарда кезіндегі физикалық реабилитация.
20. Артық салмағы бар науқастарға ем жүргізуде ЕДШ рөлі мен құралдары.
21. ЕДШ әдісінің анықтамасы. Физикалық жаттығулардың емдік әсерінің негізгі механизмі.
22. Статикалық және динамикалық координация және олардың көрсеткіштері (Ромберг сынама, саусақ мұрын сынама, треморография, стабилография және т.б.). Сенсорлық жүйені зерттеудің қарапайым әдістері (анализаторлар).
23. Соматоскопия: ағзаның морфологиялық ерекшеліктері және дене бітімінің түрлері.
24. УВЧ-терапиясының анықтамасы. УВЧ-терапияның емдік нәтижелерін көрсетіңіз.
25. Мишық жүйесі. Анатомиялық құрылымы, функциясы, зақымдану симптомдары.
26. Вегетативті жүйке жүйесі. Анатомиялық құрылымы, функциясы, зақымдану симптомдары.
27. Лазерлі терапия. Анықтамасы. Лазерлік сәулеленудің физикалық әсері. Емдік әсері.
28. Емдік массаж. Массаждың жіктелуі мен түрлері. Массажға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер.
29. Емдік массаж. Массаждың клиника-физиологиялық әсері. Массаждың ағзаға әсері.
30. Климатотерапия. Түсінік. Климаттық курорттың жіктелуі.